

## «Мектепке жол» акциясының қорытындысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 13 шілдедегі №3-15-3/2530-И санды өткізу туралы хатын басшылыққа алып, №34 көп салалы мектеп-гимназиясында 01 тамыз-30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді. Бұл қайырымдылық шара әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына көмек көрсетуге бағытталған.

Қамқоршы кеңесінен комиссия құрылып, әлеуметтік мұқтаж балалардың тізімі жасқталды.

21 тамыз күні Республикалық дәстүрлі өткізілетін «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына мектеп ұстаздары және ата-аналардың атсалысумен мектебіміздің әлеуметтік көмекке мұқтаж 44 отбасы балаларына сабақ құралдары, кеңсе тауарлары бар сөмке, мектеп формасы мен спорттық киімдер табыс етілді.

Ұстаздар мен ата-аналардан 32, 300 тенге жиналды.

Мектеп директорының м.а А.Қ.Шотаева әлеуметтік көмекке мұқтаж ететін отбасыларына, олардың балаларына керекті құралдарды (костюмдер, сөмкелер, оқу құралды) табыс етті.

29 тамыз күні ИП «Асем-ай» 20 оқушыға кеңсе тауарларымен сөмке табыстады.

КГП «Атырау су арнасы» атынан азаматша Чупеева Динара Тилековна 2 оқушыға (Асқарұлы Мухаммедрасул мен Асқарқызы Бібіфатимаға) қол ұшын беріп, мектепке қажетті құралдамен қамтамас етті.

«Мектепке жол» акциясы қыркүйек айының соңына дейін жалғасын табады.

Әлеуметтік педагог:



Кадыржанова А.Ж.